

# ҰСТАЗ. ӨНЕРПАЗ. ТҮЛҒА.

М.Әуезов атындағы Қоңдырткы Қазақстан университетінде «Ұстаз. Өнерпаз. Тұлға» атты ардагер-ұстаз Құліш Төлеуханқызының 75 жасқа толуына орай шығармашылық әдеби кеш етті. «Білім беру ісінің үздігі», «Республикалық іскер әйелдер ассоциациясының», «Республикалық мұсылман әйелдері лигасының» мүшесі Құліш Төлеуханқызы білім саласында 50 жылдан астам еңбек еткен улағатты ұстаз. Іс-шараға Шымкент қаласы мәслихатының депутаты Жанар Бектаева қатысып, ұстазды мерейтойымен құттықтады.



– Әнге деген өнерім – Қуләш апам, Манаrbек ағам сияқты әншілер туған Ақтогайдың киелі топырағынан, ал ұстаздық жетістігім 50 жыл ұстаздық еткен әкем Төлеуханмен, шапағат пен шарапаттың нұрын себуші әкемнің інісі Сламия Саттарұлынан, аяулы ұстаздарым Игісін Садуақасов, Әзбек Нұржанов, Төлтай Мақсұтовтардан дарыды. Саналы ғұмырымды балалармен өткізіп, олардың тәрбиесі мен біліміне арнағанымды езім мақтаң етемін. Шакірттерімнің әрбір жетістігі менің көңілімді марқайтып, қуанышқа бөлейді – деді К.Тілеуханқызы.

Құліш Төлеуханқызы жас кезінен бастап өнерді қатар алып

жүріп, «Ақтогай халық театрының» құрамында бірнеше концерттік бағдарлама жасап, 10-нан астам саҳналық пьесаларда басты рөлдерді сомдаған.

Ұстадың шығармашылық кешіндеге үлттық, қундылықтар насиҳатталып, тәрбие мен тағылымға толы болды. Білім беру саласы мен өнерді қос қанатында қатар алып жүрген ұстаз – шеберлігімен ғана таң қалдырып қоймай, күміс көмей әнші, көркем сөз ұстасы екендігін дәлелдей, нақышына келтіре әуелете ән шырқап, көркем сөзге жан бітіріп көрерменді тәнті етти.

Г.СУЛЕЙМЕНҚЫЗЫ